

«Адося» жеке балабақшасының кезектен тыс өткізілген педагогикалық кеңес отырысының хаттамасынан көшірме.

Бестамақ ауылы

31.07.2023 жыл

Қатысқан педагогтар саны-4

Қатыспаған педагогтар жоқ

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізуді қорытындылау.

Балабақша меңгерушісі И.Укибасова өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруды өткізу «Білім туралы» Қазақстан Республикасы заңына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына және басқа да білім беру ұйымдарының білім беру қызметтерін регламенттейтін білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік сынақтан өткізу жөніндегі Ережені бекіту туралы» қаулысын орындау үшін және ағымдағы жылдың №4 кезектен тыс өткізілген педагогикалық кеңес шешімі мен «Балабақшаны өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу туралы» 15.05.2023 жылғы №24 бұйрығы негізінде жұмыстар жүргізіліп, аяқталғанын хабарлады. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары аралығындағы барлық оқу-тәрбие іс-әрекеттеріне қатысты жұмыстар қайта қаралып, білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының қосымшалары бойынша балабақшаның жұмысы бағаланғандығын атап өтті.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар 1 қосымшаға сәйкес, бағалау парағы дайындалды. Қорытындысында:

- Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі-100%/5 балл;
- Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің үлесі-80 %-дан төмен/2 балл;

- Үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі-80 %-дан төмен/2 балл;
- Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарактандырылуы-100%/5 балл;
- Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес жағдай жасау-80 %-дан төмен/2 балл;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету-100%/5 балл;
- Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)- 100%/5 балл;
- Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау-80 % -дан 100% - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған/ 5 балл;
- Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау-80 % -дан 100% - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған/5 балл;

Балабақша меңгерушісі И.Укибасова, мектепке дейінгі ұйымының мақсаты, міндеттері мен құндылықтарын басшылыққа ала отырып, өткен 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы атқарылған жұмыстарға есеп жазылып, оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің нормативтік құқықтық актілерде көрсетілген талапқа сәйкестігі, білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына сәйкес іске асырылғандығы, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының сақталғандығын, тәрбиеленушілердің даму мониторингі және оның нәтижелерін талапқа сай қорытындылағанын атап өтті. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуына дәлелді педагогтардың дипломдарының көшірмелері қоса берілгенін хабарлады. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының №4 қосымшасы бойынша «жақсы» -35-39 баллға дейін деген баға бойынша сәйкес келді. Демек, 36 балл құрап отыр.

Балабақша меңгерушісі Индира Қобдабергенқызы отырысты қорытындылай келе, өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу үшін комиссия мүшелері және педагог қызметкерлер бөлінген тапсырмаларды жауапкершілікпен орындағандарына ризашылығын білдірді.

ШЕШІМ:

1. Мекеменің 15.05.2023 жылғы №24 «Балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу» туралы бұйрығы негізінде ұйымдастырылып, өткізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы «қанағаттанарлық» деңгейде деп есептелсін;
2. 31.07.2023 жылғы кезектен тыс өткізілген педагогикалық кеңес отырысының шешіміне сай «Адося» жеке балабақшасы «Мектепке дейінгі мекеме мәртебесіне» сай деп есептелсін;
3. Өзін-өзі бағалау жұмысы барысында балабақшаның оқу тәрбие процесінің ұйымдастырылуы мен педагогтардың кәсіби қызметтеріне даярлығы бойынша анықталған көрсеткіштерге сәйкес, педагогтардың даярлығын дамыту жұмыстары жоспарланып бақылауға алынсын.

Кеңес төрайымы:

Кеңес хатшысы:



И.Укибасова

Э.Кулманова